



Досмахамбет КӨШІМ: «ескірген атауларды өзгерту – ешкімді кемсіту емес»

Ономастика тақырыбы – елімізде өзекті саналады бүгінде. Бұл жолда қандай да бір елді мекен, көше тағы да басқа атауларды өзгерткенде нақты дәлелдерге, тарихи негізге сүйеніп, «майдан қыл суырғандай» етіп жұмыс жүргізу қажет.

Осы жолдағы шараларды қабылдаудың қыр – сыры айтылған: «Жер – су атаулары: елдік сана және рухани жаңғыру» атты көшпелі семинар өтті қаламызда.

Маңызды жиынға белгілі саясаткер, Қазақстанның «Альянс» ұйымының вице – президенті Досмахамбет КӨШІМ, тіл жанашыры, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры, «Құрмет» орденінің иегері Қалқаман ЖАҚЫП, Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасы басшысының орынбасары

ОНОМАСТИКАЛЫҚ ахуал қандай?

Қаламыздың аймағында да бұл бағытта атқарылуы тиіс жұмыстар аз емес.

«Арқалық қаласының әкімшілік бағынысында 4 ауылдық округ болса, оның екеуі – Ашутасты мен Қайыңды ауылдық округі ұлттық танымға жақын атауда, Родина мен Молодежный ауылдық округтерінің атаулары өзге тілде қалып отыр. Арқалық, Алуа, Аңғар сынды бір қала мен он бір ауыл тарихи атауларды иемденген. Восточный, Матросов, Мирный, Молодежный, Родина, Фурманов, Целинный өзге тілде аталса, оның ішінде Фурманов атауы ескірген болып саналады. Қалада және әкімшілік бағыныстағы елді мекендерде 308 көше бар, оның ішінде ұлттық танымға жақын атаулармен 128 көше, 180 құрамдас бөлік өзге тілдегі атаулармен аталады. Оның

шешуде нақты үш бағытты ұстанған жөн.

«Екіншіке орай елімізде ономастика туралы заң жоқ. Сондықтан атауларды өзгертер кезде мына бағыттарды негізге алу керек. Бірінші – идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар. Оның ішінде – Павлодар, Петропавл секілді отаршылдық идеологиялық атаулар да өзгеруі керек деп ойлаймын. Екінші – архив құжаттарымен не болмаса карталар арқылы дәлелденсе бұрынғы тарихи атаулар қайтарылады. Бұл тиімді бағыт, тек дәлел керек, осы арқылы қайтарылып жатыр. Ата бабаларымыз бұрын өздеріне тиесілі барлық жерге атау берген. Себебі, ол біріншіден өздері көшіп – қонған кезде бағыт алулары үшін керек болған. Үшінші бағыт – жеке тұлғалардың аттары. Бұл да әлемдік тәжірибеде бар, ақылға қонымды дүние. Тек, тарихи тұлға сол жерге қандай пайдасын тигізді деген тұрғыдан қарау керек. Мысалы,

Мэлс ӘБДІРАХМАНОВ қатысты.

Қостанай облысы бойынша 645 әкімшілік – аумақтық бірлік атауының 150 -і тарихи атаулар, 86 -ы жер – су атаулары, 31 -і тарихи тұлғалардың есімдері, 9-ы дәстүрлі атаулар, 369-ы орыс тіліндегі атаулармен аталады.

Ал, 6 156 көшенің 889-ы белгілі тұлғалардың есімдерімен, 292-і дәстүрлі атаулармен, 23-і тарихи атаулармен, 122-і жер-су атауларымен аталса, 4 643 -не орысша атаулар берілген және 187-і атаусыз екен.

Тәуелсіздік алған уақыттан бастап күні бүгінге дейін облысымыз бойынша 14 аудан мен қаланың, 51 ауылдық округтің, кенттер мен ауылдардың, 300 көшенің, 60 нысанның атауы өзгертілген немесе жаңа атау берілген.

Сонымен қатар, қазіргі таңда идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар 53 елді мекен мен ауылдық округ және 455 құрамдас бөліктер қалып отыр.

Арқалық қаласы бойынша

ішінде Ленин, Комсомольская, Октябрьская тағы да басқа 15 көшенің атауы ескірген», -деп атап өтті Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Мэлс БЕЙБІТҰЛЫ.

Атауларды өзгертуде басшылыққа алатын бағыттар

Белгілі саясаткер, ономастика саласында тәжірибесі мол азамат Досмахамбет КӨШІМ бұрынғы кеңестік елдерде декоммунизация, десоветизация бағдарламалары қабылданып, тиісінше көптеген идеологиялық ескірген атаулар өзгертілгенін, алайда біздің елімізде мұндай шаралар қабылданбағанын еске салды. Сондықтан ономастика мәселесі елімізде өзекті болып отыр. Оның ішінде Солтүстік Қазақстан мен Қостанай облысында бұл бағыттағы жұмыстар кешеуілдеп келеді. Оның ұлттық құрамға байланысты нақты себептері де бар. Саясаткер айтқандай, ономастикалық мәселелерді

қарау керек. Мысалы, Толстойдың немесе Пушкиннің Қызылордадан көше беретіндей, ол жерге қандай қатысы бар? Ол кісілер ұлы тұлға болса да бұл біреуді кемсіту емес. Мемлекеттік идеологиямыздың, Тәуелсіздігіміздің көрінісі және белгісі болып табылады», -деді Досмахамбет ҚАЛМАХАНҰЛЫ.

Өлкетанушы, ел ақсақалдары Мұхтар ҚОДЕНОВ, Шөптібай БАЙДІЛДИН, айтыстың ақтаңгері Айбек ҚАЛИЕВТЕР ел мен жердің атауларын ауыстырудың маңыздылығын айтып, бұл жұмыстардың шешімін табуы тарихи әділетті боларын тілге тиек етті.

Өңірлердегі тарихи атаулармен аталған көптеген елді мекендер, көшелер атауларының мән – мағынасын зерделеп, кейінгі ұрпаққа танытыу, түсіндіру қажет. Ономастика – тек атау беру ғана емес, ол – ұлттың тарихи жады мен рухани болмысының айнасы. Сондықтан бұл саладағы жұмыстар жүйелі, әділетті және ғылыми негізде жүргізілуі тиіс. Келелі кеңес осындай оймен түйінделді.

«АХ»